

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:15.02.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Жалпы есім және жалқы есім		
Мақсаты	Білімділігі: Жалқы және жалпы есім туралы түсінік ала отырып, жаттығулар орындау арқылы, сөйлем ішінен оларды таба білуге үйренеді. Дамытушылығы: Оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттері дамытылады. Тәрбиелігі: Бірлікке, ұйымшылдыққа, бірін - бірі тыңдай білуге тәрбиеленеді. Көрнекілігі: суреттер, ребус, сөзжұмбақ. Түрі: жаңа сабақ Әдісі: түсіндіру, әңгімелеу, көркем сөз оқу, топтастыру, тірек сызба, Венн диаграммасы.		
Психологиялық ахуал	Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызды құрметтеп, Бас иеміз біз.		
Қызығушылықты ояту	*Үй тапсырмасын тексеру. -332-жаттығуды тексеру. -Сөз таптары дегеніміз не? -Зат есім дегеніміз не? -Адамдарға қандай сұрақтар қоямыз? -Жануарлар мен заттарға ше? *Сабақтың тақырыбын,мақсатын хабарлау. -Бүгінгі сабақта зат есім туралы алған білімдерімізді тереңдетеміз.Жалқы және жалпы есім туралы түсінік аламыз.		
Мағынаны тану	*Жаңа сабақ 1.Суретпен жұмыс: - Суретке қара олардың астындағы сөздерді оқы. 2. Тірек - сызба арқылы Зат есім жалқы жалпы *Кестемен ,слайдпен жұмыс. *Оқулықпен жұмыс.Дәптерімізді ашып бүгінгі күн реті мен тақырапты жазайық. 333-жаттығу.Суретке қара, олардың астындағы сөздерді оқы. Сөздердің бірі кіші әріптен, екіншісі үлкен әріптен басталып жазылу себебі неде деп ойлайсың? <i>Ереже:</i> <i>Кісінің аты-жөні,жер-су аттары,жан-жануарларға қойылған атаулар жалқы есім деп аталады.</i> <i>Жалқы есімдер әр уақытта бас әріппен жазылады.Мысалы:Сәуле,Тараз,Ақтөс</i> 334-жаттығу . Жаңылтпашты бірнеше рет оқып,жатқа айт.Кісі аты мен жер атын тап.Олардың жазылуы туралы байқағаныңды айт.		
Сергіту сәті	Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан?		



	Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.
Ой толғаныс	335-жаттығу. Мына жалқы есімдерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз. <i>Сырым, Тайбурыл, Ертіс, Бөрібасар.</i> 334-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздердің бас әріппен жазылуының себебін дәлелде. Қорытынды: - Жалқы есім дегеніміз не? - Мысал келтіру.
Үйге тапсырма	123-бет, 337-жаттығу.
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
Кері байланыс	